| <b>Түскі ас</b>                                   | Балалардың назарын тағамға аудару, қасықты дұрыс ұстауға үйрету                       |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |
|                                                   | <p><b>Бата</b> Асқа байлық Денге саулық болсын. Ас болсын!</p> <p>Рақмет апайлар!</p> |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |
| <b>Түскі ұйқы</b>                                 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу.                     |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |
|                                                   | №17 «Су жүрек қоян» ертегі айтып беру                                                 | Бесік жыры «Әлди әлди бөпешім» әнін музыкалық құралдан тындату                                                                                                                                                                               | №25 «Әтеш пен тоты» ертегісін оқып беру.                                                                                                                                                                                                                |  |  |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b> | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                                                    | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау                                                                                                                                                                               | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау                                                                                                                                                                                           |  |  |
| <b>Бесін ас</b>                                   | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу                       |                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                         |  |  |

|                                                      |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                  |  |  |
|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------|--|--|
| <b>Ойындар, дербес әрекет</b>                        | <b>Сюжетті-рөлдік ойын №1</b> «Жүргізуші»                                                                                                                                | <b>Фонетикалық ойын «Кім солай сөйлейді?»</b> жануарларды даусынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету | <b>Аз қимылды ойын.№2</b> «Кішкене өзен арқылы». |  |  |
| <b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b> | Арман Диасқа бөрене астымен еңбектеп жүруді үйрету                                                                                                                       | Еркін Айзереге «Ойыншық» өлеңін жаттату                                                                           | Дамир Айбарысқа түстерді үйрету                  |  |  |
| <b>Серуенге дайындық</b>                             | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу                                                                                          |                                                                                                                   |                                                  |  |  |
| <b>Серуен</b>                                        | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру                                             |                                                                                                                   |                                                  |  |  |
| <b>Балалардың үйіне қайтуы</b>                       | Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар, кеңес «Балабақшаға баланың бейімделуіне арналған кеңестер» |                                                                                                                   |                                                  |  |  |

**«Ботақан» ерте жас тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы  
«Жігерген" бөбекжай балабақшасы МКҚК**

**Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»**

**Уақыты: 20.12-24.12.2021ж IVапта**

| <b>Күн тәртібі</b>                                              | <b>Дүйсенбі<br/>20.12.2021</b>                                                                                                                                                               | <b>Сейсенбі<br/>21.12.2021</b>                                                                    | <b>Сенбі<br/>22.12.2021</b>                                                                                                  | <b>Бейсенбі<br/>23.12.2021</b>                                                                             | <b>Жұма<br/>24.12.2021</b>                                                                                                   |
|-----------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды<br/>Қабылдау</b>                                   | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу. |                                                                                                   |                                                                                                                              |                                                                                                            |                                                                                                                              |
| <b>Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу</b>                          | «Отбасындағы бала тәрбиесі» кеңес. Ата-аналарға күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кеңес беру.                                                                     |                                                                                                   |                                                                                                                              |                                                                                                            |                                                                                                                              |
| <b>Ойындар,<br/>(үстел үсті,<br/>саусақ және<br/>т.б 5 мин)</b> | Үстел үсті ойыны:<br>«Бөлшектелген суреттер мен шаршылар» картотека №7                                                                                                                       | Дидактикалық ойын №4 «Бізге кім келгенін тауып ал»                                                | Үстел үсті ойыны:<br>«Ұқсас затты тап» картотека №8                                                                          | Сөздік ойын:<br>«Жаңғырық» картотека №1                                                                    | Сөздік ойын: «Паровоз» картотека №2                                                                                          |
| <b>Таңертенгі жаттығу</b>                                       | №4-ші таңертеңгі жаттығу кешені                                                                                                                                                              |                                                                                                   |                                                                                                                              |                                                                                                            |                                                                                                                              |
| <b>Таңғы ас</b>                                                 | Қасықты дұрыс ұстай білуге үйрету. Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету. Ас ішер алдында асқа бата айтуға үйрету.                                      |                                                                                                   |                                                                                                                              |                                                                                                            |                                                                                                                              |
| <b>Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</b>                   | Үстел үсті ойыны:<br>«Тышқанды жасыр» картотека №9                                                                                                                                           | Дидактикалық ойын: «Қандай зат екенін тап» картотека №21                                          | Үстел үсті ойыны:<br>«Көңілді сайқымазақ» картотека № 5                                                                      | Үстел үсті ойыны:<br>«Түрлі түсті моншақтар» картотека №10                                                 | Дидактикалық ойын:<br>«Біздің қолдарымыз қайда?» картотека №22                                                               |
| <b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</b>                | <b>1.Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Кегельдердің арасымен жүгіру»<br><b>Мақсаты:</b>                                                                                                | <b>1.Көркем әдебиет</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Аққу-қаздар»<br><b>ойыны</b><br><b>Мақсаты:</b> ойын | <b>1.Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «5-10 см биіктіктен секіру. (тақайдан, кішкентай орындықтан)»<br><b>Мақсаты:</b> | <b>Мүсіндеу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Шырша шамдарын жағамыз»<br><b>Мақсаты:</b> Жаңа жыл мерекесі және қыс | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «5-10 см биіктіктен секіру. Доғаның астымен еңбектеу»<br><b>Мақсаты:</b> Балаларға |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Балаларды биіктіктен секіруді және жаттығуларды толық, дұрыс орындауға үйрету. Жаттығу орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Картотека № 19</b></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Алға жылдам жүр, тек жүгірме»</p> | <p>шартымен таныстыру арқылы ұжымда жұмыс істеуге үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Аулада» картотека №22</p> <p><b>2. Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Қазақстан-елімнің аты»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларға туған ел ұғымымен таныстыра отырып ән тыңдату.</p> <p>«Қазақстан» әнімен таныстыру, музыкамен байланыстыру.</p> <p><b>Музыкалық-дидактикалық ойын «Күн мен бұлт» картотека №22</b></p> | <p>Балаларды биіктіктен секіруді және жаттығуларды толық, дұрыс орындауға үйрету. Жаттығу орындағанда арақашықтықтарды сақтауға дағдыландыру. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Ойлау қабілетін дамыту.</p> <p><b>Картотека № 25</b></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Пойыз»</p> <p><b>2. Сенсорика</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Мұнара»</p> <p><b>Мақсаты:</b> балаларды нысаны бойынша тым жақын, біркелкі заттарды топтастыруға үйрету. (қызыл-көк, сары-қара, қына сары-сия көк).</p> <p><b>Дидактикалық</b></p> | <p>мезгілі туралы білімдерін дамыту. Мереке ерекшелігін сезіне білуді үйрету. Шыршаны безендіре білуді үйрету.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Ғажайып қап» картотека №20</p> | <p>доптарды себетке лақтыруды үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға дағдыландыру. Ептілікке және ұқыптылыққа тәрбиелеу. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Картотека № 26</b></p> <p><b>Қимылды ойын:</b> «Тышқан мен қонжық»</p> |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        | ойын: «Пішін неге ұқсайды?»<br>картотека №12                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуен</b>            | <b>Бақылау «Қардағы құс іздері» Картотека № 63</b><br>Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар -Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>-Қалай ойлайсыңдар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>-Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар | <b>Жеңіл көліктерді бақылау Картотека № 64</b><br>Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға»<br>Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасың апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің, Жақын болма | <b>Күн мен түн неге ауысады? Картотека № 65</b><br>Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br>Бақылау барысы<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді. Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>Балаларға сұрақтар. -Жұлдыздар түнде қайда кетеді? (жұлдыздар күндіз де | <b>Ағаштарды бақылау Картотека № 66</b><br>Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру.<br>Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.<br>Әңгімелесу: -Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбеңе қар құлауы мүмкін)<br>-Ағаштар неге қыста өспейді?<br>-Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>-Ағаштарға қыс | <b>Қарғаларды бақылау Картотека № 67</b><br>Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. Қарғалардың тіршілігін бақылау. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Қара түсті қарқылдақ, Ұшып, қонып жалпылдап. Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)<br>Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді. Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертең ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған. |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>ұшқындары сынады)<br/>Балаларға құстар ізі салынған парактар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.<br/>-Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)<br/>Зерттеу жұмысы<br/>Алаңдағы шағын жердегі қарды нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.<br/>Еңбек<br/>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.<br/>Мақсаты: Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;<br/>Жұмысты</p> | <p>шатаққа.<br/>Көшеден өтер кезінде,<br/>Абайлап қара жан-жаққа,<br/>Келе жатқан көлікке,<br/>Жол бер, өтсін,<br/>асықпа!<br/>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды:<br/>-Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?<br/>-Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)<br/>-Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин</p> | <p>аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)<br/>-Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)<br/>Зерттеу жұмысы<br/>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.<br/>Таңертен, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу.<br/>Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).<br/>Еңбек<br/>Ойын алаңындағы</p> | <p>мезгілі керек пе?<br/>- Ағаштар қыста неге тоңбайды? (қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)<br/>Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.<br/>Көркем сөз «Аядым» М. Әлімбаев<br/>Жауған күні қар алғаш,<br/>Ағаштарды аядым.<br/>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,<br/>Орап қойдым аяғын.<br/>Балаларға сұрақтар.<br/>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?<br/>-Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)<br/>Зерттеу жұмысы<br/>Жазда бұта өскен жердегі қарды</p> | <p>Көркем сөз «Қарға»<br/>С.Сейфуллин<br/>Қарға, қарға, қарғалар,<br/>Көзден жасы сорғалар.<br/>Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе,<br/>Боран соқса қор болар,<br/>Қапелімде қолға алар.<br/>Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар,<br/>Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар.<br/>Зерттеу жұмысы<br/>Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру<br/>Еңбек<br/>Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.<br/>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу.<br/>Қимылды ойын<br/>«Пингвиндер доп ойнап жүр».<br/>Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.<br/>Жаттығу ойындары<br/>Қозғалыстарын дамыту.<br/>Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</p> |
|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |  |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>жоспарлау.<br/>Қимылды ойын<br/>«Ізбе із».<br/>Мақсаты: тепе-<br/>тендікті сақтау.<br/>Алдыңғы түскен із<br/>үстіне дәл түсуге<br/>тырысу. Ептілікке<br/>баулу.<br/>Жаттығу<br/>ойындары<br/>Алға жылжи<br/>отырып екі аяқпен<br/>секіру..<br/>Мақсаты: қимыл-<br/>қозғалыстарын<br/>дамыту.<br/>Халық болжамы:<br/>-Қар көп болса, нан<br/>мол болады.<br/>-Қатты аязда әтеш<br/>ерте шақырса, күн<br/>жылынады.<br/>-Ит қарға аунаса,<br/>қарлы боран<br/>болады.<br/>-Қыс аязды болса,<br/>жаз ыстық болады.</p> | <p>тамшыларымен<br/>ластайды)<br/>-Көліктердің<br/>қандай пайдасы<br/>бар?<br/>(адамдарды,<br/>жүктерді қажет<br/>жеріне тез<br/>апарады)<br/>-Көліктердің<br/>адамға қандай<br/>кедергісі бар?<br/>(таңертең<br/>дыбыстап,<br/>ұйықтауға<br/>кедергі болады,<br/>ауаға ащы түтін<br/>шығарады)<br/>-Қандай<br/>машиналар көп<br/>шулайды, ауаны<br/>көп ластайды?<br/>(Жүк<br/>машиналары)<br/>-Біздің қалада<br/>қандай<br/>машиналар көп?<br/>Неліктен?<br/>-Жолдан өтерде<br/>не істеу керек,<br/>қандай<br/>ережелерді<br/>сақтау керек?</p> | <p>қарды сыртқа шығару.<br/>Мақсаты:<br/>еңбексүйгіштікке,<br/>бірлесе еңбек етуге<br/>тәрбиелеу.<br/><br/>Қимылды ойын<br/>«Жердің күнді<br/>айналуы».<br/>Мақсаты: күн туралы<br/>білімдерін бекіту.<br/>Жаттығу ойындары<br/>Қимылдарын дамыту<br/>«Шығырыққа<br/>лақтыру».<br/>Мақсаты: мергендіктер<br/>ін дамыту.<br/>Мақал-мәтел: Туған<br/>жердің күні де ыстық,<br/>түні де ыстық.</p> | <p>тереңдетіп қазу. Қар<br/>астынан жерге<br/>жабысқан, жасыл<br/>жапырақтары бар<br/>өсімдік шығуы<br/>мүмкін. Балаларға<br/>мынадай<br/>қортындыны айтуға<br/>болады: қалың<br/>жауған қар өсімдік<br/>тамырларын аяздан<br/>қорғайды, олардың<br/>үсіп кетуіне жол<br/>бермейді.<br/>Еңбек<br/>Жауған қарды ағаш<br/>түбіне үю.<br/>Мақсаты: ағаштарға<br/>деген қамқорлық<br/>сезімге тәрбиелеу.<br/>Қимылды ойын<br/>«Кім ағашқа бұрын<br/>жетеді?».<br/>Мақсаты: ағаш<br/>аттарын есте<br/>сақтауларын бекіту.<br/>Жеке жұмыс:<br/>«Затты тап».<br/>Мақсаты:<br/>Балабақша ауласын<br/>бағдарлай білулерін<br/>бекіту;<br/>Затты сипаттау</p> |  |
| <b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</b>                | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:«Допты жерге ұрып, ыршытып ұстап алу»                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | 1. Сөйлеуді дамыту<br>Тақырыбы: «Ойыншық дүкені» (дидактикалық ойыны)<br>Мақсаты: ойын мазмұнымен | 1.Дене шынықтыру<br>Тақырыбы:«Допты жерге ұрып, ыршытып ұстап алу»<br>Мақсаты: | Сурет салу<br>Тақырыбы: «Мұз сүңгілері»<br>Мақсаты: Қылқаламмен сурет салу дағдыларын | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Гимнастикалық таяқшадан секіру»<br>Мақсаты: Балаларға баяу және |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                            |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p><b>Мақсаты:</b><br/>Балаларды допты ыршытып, ұстап алуға үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға үйрету. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа және суыққа төзімді, шымыр етіп тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Картотека № 1</b><br/><b>Қимылды ойын:</b><br/><b>«Шарларды жина»</b></p> | <p>таныстыра отырып қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b><br/><b>«Ғажайып қап»</b><br/><b>картотека №22</b></p> <p><b>2. Музыка</b><br/><b>Тақырыбы:</b><br/><b>«Ғажайыптар әлемі»</b></p> | <p>Балаларды допты ыршытып, ұстап алуға үйрету. Жаттығу ережелерін және жаттығуларды толық орындауға үйрету. Шыдамдылыққа, ұқыптылыққа және суыққа төзімді, шымыр етіп тәрбиелеу. Дене бітімдерінің дұрыс қалыптасуын қадағалау. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p><b>Картотека № 1</b><br/><b>Қимылды ойын:</b><br/><b>«Шарларды жина»</b></p> <p><b>2. Жаратылыстану</b><br/><b>Тақырыбы:</b><br/><b>«Көліктер»</b><br/><b>Мақсаты:</b> көліктер туралы мәлімет беру, қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын:</b> «Бұл не? Бұл</p> | <p>қалыптастыру; Тік сызықтармен сүңгі мұздар салуға үйрету, үзік сызық сала отырып, кеңістікті бағдарлай білуге үйрету, баланың қиялын дамыту, табиғаттың ерекшелігін сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Саусақ ойыны</b><br/><b>картотека №8</b></p> | <p>жылдам жүруге, белгіленген жерге дейін еңбектеуге үйрету. Ис-әрекет қабілеттілігін арттыру. Қимылды ойындарға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p><b>Картотека № 2</b><br/><b>Қимылды ойын:</b><br/><b>«Марғаулар мен күшіктер»</b></p> |
|--|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             | кім?» картотека №11                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
| <b>Серуен</b>            | <b>Бақылау «Қардағы құс іздері» Картотека № 63</b><br>Мақсаты: қардағы құс іздерін тани білуге үйрету<br>Бақылау барысы<br>Балаларға сұрақтар -Із дегеніміз не? (қардың үстінде қалған белгі)<br>Балаларға ауладағы жем шашылған жерде қалған құс іздерін бақылауға ұсыну..<br>-Қалай ойлайсыңдар, мынау ненің іздері, құстың ба, әлде жануардың ба?<br>-Қар бетінде неліктен құс іздері қалады? (құстардың салмағынан табаны астындағы қар ұшқындары сынады) | <b>Жеңіл көліктерді бақылау Картотека № 64</b><br>Мақсаты: автомобильдер туралы білімдерін бекіту, оларды түрлері бойынша ажырата білу, жолда жүру тәртібі туралы білімдерін кеңейту.<br>Бақылау барысы<br>Көркем сөз «Тәртіп керек баршаға»<br>Е.Елубаев Бұзба көше тәртібін, Ұрынасын апатқа.<br>Қызықты өтсін әр күнің,<br>Жақын болма шатаққа.<br>Көшеден өтер кезінде, | <b>Күн мен түн неге ауысады? Картотека № 65</b><br>Мақсаты: Күн мен түннің ауысуы қалай жүретіні туралы түсінік беру.<br>Бақылау барысы<br>Сендер қалай ойлайсыңдар, күн мен түн неге ауысады? Күн жерге күндіз жарық береді. Жер кеңістікте үлкен жылдамдықпен айналады. Жердің бір айналысы 24 сағатта өтеді.<br>Жердің айналған уақытында жердің күнге қарамайтын бетінде түн болады да, жердің күнге қараған бетінде түн болады.<br>Балаларға сұрақтар. -Жұлдыздар түнде қайда кетеді? (жұлдыздар күндіз | <b>Ағаштарды бақылау Картотека № 66</b><br>Мақсаты: ағаштар туралы білімдері кеңейту, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Аулаға шығып, жауған қардан майысып тұрған ағаштарды сілкіп, қарын түсіру.<br>Ағаштарға қамқорлықпен қарауға көңіл бөлу.<br>Әңгімелесу: -Ағаш түбінде неге ойнауға болмайды? (ағаш бұтағы сынуы немесе төбене қар құлауы мүмкін)<br>-Ағаштар неге қыста өспейді?<br>-Ағаш тамырлары қалай қыстайды?<br>-Ағаштарға қыс мезгілі керек пе?<br>- Ағаштар қыста неге тоңбайды? | <b>Қарғаларды бақылау Картотека № 67</b><br>Мақсаты: қыстап қалатын құстар өмірімен танысуды жалғастыру. Қарғалардың тіршілігін бақылау. Құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.<br>Бақылау барысы<br>Тәрбиеші балаларға жұмбақ жасырады.<br>Қара түсті қаркылдақ, Ұшып, қонып жалпылдап.<br>Қоқыстарды шоқиды, Жем іздейді там-тұмдап. (қарға)<br>Қарға қыстап қалатын құс. Ол өзінің азығын қоқыстардан теріп жейді.<br>Халық қарғаның іс-әрекетіне қарап ауа-райын болжаған. Егер қарға айналып ұшса аяз болады, қарға қарқылдаса қар жауады, егер қарға таңертен ағаштың басында отырса бұрқасын болады деп санаған және ол рас болған.<br>Көркем сөз «Қарға»<br>С.Сейфуллин |

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>Балаларға құстар ізі салынған парактар таратылады және оларға қай құстың ізі екенін анықтау тапсырылады. Қар бетінен ұқсас із іздестіріледі.</p> <p>-Құстардың ізі арқылы нені білуге болады? (құстың көлемі қандай, қалай қарай жүрген, бір жерде аялдаған ба?)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Алаңдағы шағын жердегі қардың нығыздау және таяқшамен құс ізінің суретін салу.</p> <p>Еңбек</p> <p>Қардан қала тұрғызуға қар жинау.</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Ұжыммен жұмыс істей білулерен қалыптастыру;</p> <p>Жұмысты жоспарлау.</p> <p>Қимылды ойын</p> | <p>Абайлап қара жан-жаққа, Келе жатқан көлікке, Жол бер, өтсін, асықпа!</p> <p>Тәрбиеші балаларға сұрақтар қояды: - Балабақша жанындағы жолдан өтетін қандай көліктерді білесіңдер?</p> <p>-Барлық көліктерді қандай топтарға бөлуге болады? (жеңіл, жүк, қоғамдық, арнайы көліктер)</p> <p>-Көліктер қоршаған ортаға қандай әсер етеді? (ауаны түтіндерімен, асфальт бетін бензин тамшыларымен ластайды)</p> <p>-Көліктердің</p> | <p>де аспанда болады. Тек күннің жарығы жұлдыздың жарығынан да күшті болғандықтан, жұлдыздар көрінбейді)</p> <p>-Күн неге батады? (жер күнді айналады, сонықтан да шығыстан күн шығып, батыста батқандай әсер қалдырады.)</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Жарық сәулелері жерге тура түседі, егер оған жолда бірнәрсе кедергі жасаса, онда одан көлеңке пайда болады.</p> <p>Таңертең, түсте, кешке зерттеу жұмысын жүргізу.</p> <p>Таңертең және кешке көлеңке ұзын болады, ал, түсте көлеңке қысқа болады (түсте күн дәл төбеден түседі, сондықтан көлеңке қысқа).</p> | <p>(қабығы қалың, шырын алмасуы болмайды, тыныш, қар жамылады)</p> <p>Аязды күні аяқ астындағы қардың сықыры мен ағаштардың басынан қар түсуін бақылап, тыңдау.</p> <p>Көркем сөз «Аядым»</p> <p>М. Әлімбаев</p> <p>Жауған күні қар алғаш,</p> <p>Ағаштарды аядым.</p> <p>«Тоңбасын»- деп бұл ағаш,</p> <p>Орап қойдым аяғын.</p> <p>Балаларға сұрақтар.</p> <p>-Ағаштардың қандай пайдасы бар?</p> <p>-Ағаштарды жапырағын шашқан кезде қалай атайды? (күзгі ағаштар)</p> <p>Зеттеу жұмысы</p> <p>Жазда бұта өскен жердегі қарды тереңдетіп қазу. Қар астынан жерге жабысқан, жасыл жапырақтары бар өсімдік шығуы</p> | <p>Қарға, қарға, қарғалар, Көзден жасы сорғалар.</p> <p>Қар үстінде жорғалар. Қар үстінде жем көрсе, Боран соқса қор болар, Қапелімде қолға алар.</p> <p>Бұтаға келіп қорғалар. Екі шоқып, бір қарар,</p> <p>Қысып кетсе сары аяз, Деп «жолымды» оңғарар.</p> <p>Зерттеу жұмысы</p> <p>Балабақша ауласынан құстар ізін іздеу, салыстыру</p> <p>Еңбек</p> <p>Ауладан құстар үшін алаң аршып, оған дән себу.</p> <p>Мақсаты: бірлесе еңбек етуге баулу.</p> <p>Қимылды ойын</p> <p>«Пингвиндер доп ойнап жүр».</p> <p>Мақсаты: екі аяқпен секіруді күрделілендіру, екі аяқ арасына допты қыстырып алға жылжу.</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Қозғалыстарын дамыту.</p> <p>Мақсаты: нысанаға доп лақтыра білу дағдыларын дамыту.</p> |
|--|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>«Ізбе із».</p> <p>Мақсаты: тепе-тендікті сақтау. Алдыңғы түскен із үстіне дәл түсуге тырысу. Ептілікке баулу.</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Алға жылжи отырып екі аяқпен секіру..</p> <p>Мақсаты: қимыл-қозғалыстарын дамыту.</p> <p>Халық болжамы:</p> <p>-Қар көп болса, нан мол болады.</p> <p>-Қатты аязда әтеш ерте шақырса, күн жылынады.</p> <p>-Ит қарға аунаса, қарлы боран болады.</p> <p>-Қыс аязды болса, жаз ыстық болады.</p> | <p>қандай пайдасы бар?</p> <p>(адамдарды, жүктерді қажет жеріне тез апарады)</p> <p>-Көліктердің адамға қандай кедергісі бар? (таңертең дыбыстап, ұйықтауға кедергі болады, ауаға ащы түгін шығарады)</p> <p>-Қандай машиналар көп шулайды, ауаны көп ластайды? (Жүк машиналары)</p> <p>-Біздің қалада қандай машиналар көп? Неліктен?</p> <p>-Жолдан өтерде не істеу керек, қандай ережелерді сақтау керек?</p> <p>Еңбек</p> <p>Ауланы бірлесе отырып тазалау.</p> | <p>Еңбек</p> <p>Ойын алаңындағы қарды сыртқа шығару.</p> <p>Мақсаты: еңбексүйгіштікке, бірлесе еңбек етуге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Жердің күнді айналуы».</p> <p>Мақсаты: күн туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Жаттығу ойындары</p> <p>Қимылдарын дамыту</p> <p>«Шығырыққа лақтыру».</p> <p>Мақсаты: мергендікт ерін дамыту.</p> <p>Мақал-мәтел: Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық.</p> | <p>мүмкін. Балаларға мынадай қортындыны айтуға болады: қалың жауған қар өсімдік тамырларын аяздан қорғайды, олардың үсіп кетуіне жол бермейді.</p> <p>Еңбек</p> <p>Жауған қарды ағаш түбіне үю.</p> <p>Мақсаты: ағаштарға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу.</p> <p>Қимылды ойын «Кім ағашқа бұрын жетеді?».</p> <p>Мақсаты: ағаш аттарын есте сақтауларын бекіту.</p> <p>Жеке жұмыс: «Затты тап».</p> <p>Мақсаты:</p> <p>Балабақша ауласын бағдарлай білулерін бекіту;</p> <p>Затты сипаттау бойынша табу.</p> |  |
|--|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                        |                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |               |                      |                        |
|------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------|----------------------|------------------------|
|                        |                                                                                      | <p>Мақсаты:бірлесе еңбек етуге, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу; жылдамдық пен күштерін есептей білуге үйрету. Қимылды ойын «Бағдаршам»</p> <p>Мақсаты: белгі бойынша әрекет етуге, қимыл-қозғалыстарды дұрыс орындай білуге үйрету. Жаттығу ойындары Ұзындыққа секіру.</p> <p>Мақсаты: Ұзындыққа секіруге, екі аяқпен итере қимылдауға үйрету.</p> |               |                      |                        |
| <b>Серуеннен оралу</b> | Шкафтарын тауып көрсетуге, бас киімдерін шеше білуге баулу                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |               |                      |                        |
| <b>Түскі ас</b>        | Балалардың назарын тағамға аудару, қасықты дұрыс ұстауға үйрету                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |               |                      |                        |
|                        | <p><b>Бата</b></p> <p>Асқа байлық Денге саулық болсын. Ас болсын!Рақмет апайлар!</p> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |               |                      |                        |
| <b>Түскі ұйқы</b>      | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу.                    |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |               |                      |                        |
|                        | №17«Су жүрек                                                                         | Бесік жыры                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | №25 «Әтеш пен | Аудио ертегі тындату | №26 «Екі қаз,бір бақа» |

|                                                      |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                            |                                                       |                                                                                      |
|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                      | қоян» ертегі айтып беру                                                                                                                                                  | «Әлди әлди бөпешім» әнін музыкалық құралдан тындату                                                               | тоты» ертегісін оқып беру.                                                 |                                                       | ертегісін оқып беру.                                                                 |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>    | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                                                                                                                                       | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау                                                    | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау              | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру             | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                                                   |
| <b>Бесін ас</b>                                      | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                            |                                                       |                                                                                      |
| <b>Ойындар, дербес әрекет</b>                        | <b>Сюжетті-рөлдік ойын №1</b> «Жүргізуші»                                                                                                                                | <b>Фонетикалық ойын «Кім солай сөйлейді?»</b> жануарларды даусынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету | <b>Үстел үсті ойыны: «Бөлшектелген суреттер мен шаршылар» картотека №7</b> | <b>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қап» картотека №20</b> | <b>Қимылды ойын №21.</b> «Сылдырауықты сылдырлат» (сылдырауыққа дейін еңбектеп жет). |
| <b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b> | Арман Диасқа бөрене астымен еңбектеп жүруді үйрету                                                                                                                       | Еркін Айзереге «Ойыншық» өлеңін жаттату                                                                           | Дамир Айбарысқа түстерді үйрету                                            | Бексұлтанға сурет салуды үйрету                       | Есболова Маринаға шеңберге тұруды үйрету.                                            |
| <b>Серуенге дайындық</b>                             | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                            |                                                       |                                                                                      |
| <b>Серуен</b>                                        | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру                                             |                                                                                                                   |                                                                            |                                                       |                                                                                      |
| <b>Балалардың үйіне қайтуы</b>                       | Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар, кеңес «Балабақшаға баланың бейімделуіне арналған кеңестер» |                                                                                                                   |                                                                            |                                                       |                                                                                      |

**«Ботақан» ерте жас тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы  
«Жігерген" бөбекжай балабақшасы МКҚК**

**Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»**

**Уақыты: 21.02-25.02.2022ж IVапта**

| <b>Күн тәртібі</b>                                  | <b>Дүйсенбі<br/>21.02.2022</b>                                                                                                                                                               | <b>Сейсенбі<br/>22.02.2022</b>                                                            | <b>Сенбі<br/>23.02.2022</b>                                                                                                                   | <b>Бейсенбі<br/>24.02.2022</b>                                                                                                        | <b>Жұма<br/>25.02.2022</b>                                                                                                                     |
| <b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша</b><br><b>ҰОҚ</b> | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Велосипедпен таныстыру»<br><b>Мақсат:</b> спорттық жаттығулар арқылы ағзаның функционалдық мүмкіндіктері көтеріледі. Велосипед тебуді үйренеді: ересектердің көмегімен оған отыру, одан түсу дағдысы қалыптасады. | <b>1.Сөйлеуді дамыту</b><br><b>Тақырыбы:</b> ««Ыдыстар» (сұрақ-жауаптар)<br><b>Мақсаты:</b> шай ішуге арналған ыдыстармен таныстыруды жалғастыру, түрлерін атай білуге үйрету, ойын жағдаяттарын көрсету арқылы шай дайындауды түсіндіру (шәйнекке шай салып, су құю).<br><b>Дидактикалық ойын «Заттың атын ата»</b><br>картотека №30<br><br><b>2. Музыка</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Ас | <b>1.Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Көктемгі орманда (тоғай ішінде) серуендеу»<br><b>Мақсат:</b> нысанаға дәлдеп лақтыру және қимыл қозғалыстарын үйлестіре білу дағдылары қалыптасады. 1 метр қашықтықтан көлденең нысанаға бүрін лақтыруды үйренеді, педагогтің нұсқауын орындау білігі дамиды. Жаттығуларды жасаған кезде тыныс алуды тоқтатпау білігі қалыптасады.<br><br><b>2. Жаратылыстану</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Ас атасы-нан»<br><b>Мақсаты:</b> | <b>Сурет салу</b><br><b>Тақырыбы:</b> Қошақандарға шөп береміз.<br><b>Мақсаты:</b> жасыл түсті пайдалана отырып шөптердің суретін салуға үйрету; саусақ бұлшық еттерін, қол қимыл-қозғалыс икемділіктерін дамыту; үй жануарларына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br><b>Дидактикалық ойын:</b> «Ненің даусы?»<br>картотека №31 | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Көктемгі орманда (тоғай ішінде) серуендеу»<br><b>Мақсат:</b> нысанаға дәлдеп лақтыру және қимыл қозғалыстарын үйлестіре білу дағдылары қалыптасады. 1 метр қашықтықтан көлденең нысанаға бүрін лақтыруды үйренеді, педагогтің нұсқауын орындау білігі дамиды. Жаттығуларды жасаған кезде тыныс алуды тоқтатпау білігі қалыптасады. |

|                          |                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                     |
|--------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                          | <p><b>атасы нан»</b><br/>         Мақсаты: Әуен ырғағын тыңдап, еркін қимылдауын қадағалайды. Ән мәтініне сәйкес қимылдау.<br/>         Ән тыңдау: «Ас атасы-нан»<br/>         Б.Жұмабекова<br/>         Ән айту: «Бауырсақтың әні» (Бауырсақ ертегісінен)<br/>         Әуенді- ырғақты қимыл- ойын: «Қуып жет!»</p> | <p>Балаларды нанның қасиетімен таныстырып, нанның қиқымын тастамай, оны қастерлей білуге баулу. Қоршаған ортаға сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиелеу.<br/>         Дидактикалық ойын: «Масалар» картотека №27</p>                    |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                     |
| <b>Серуен</b>            | <p><b>Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау картотека №45</b><br/>         Бақылау балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын</p> | <p><b>Бақбақтың өсуін бақылау картотека №46</b><br/>         Бақылау бақбақтың құрылымы жайлы балалардың білімдерін бекіту. Өсімдіктің өсуі және өсу реті туралы түсініктерін нығайту. Бақбаққа және басқа өсімдіктерге ықыласпен қарауды</p>                                                                        | <p><b>Картотека № 47</b><br/>         Бақылау: Жаңбырды бақылау.<br/>         Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.<br/>         Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер</p> | <p><b>Картотека № 48</b><br/>         Бақылау: Бұлтты бақылау.<br/>         Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будақ, қабатты бұлттарды ажырату.<br/>         Еңбек: Ауладағы гүлдерді суару.<br/>         Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге</p> | <p><b>Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау картотека №36</b><br/>         Бақылау<br/>         Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына</p> |

|                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p>бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету</p> <p><b>Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей»</b> Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b> Ауладағы кураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді</p> | <p>тәрбиелеу. Байқампаздықты дамыту.</p> <p><b>Қимылды ойын «Гүлдер»</b> Гүлдердің атауын пысықтау (ойыншылар өздеріне гүл атауын таңдап алады). Алаңда қозғалу біліктіліктері, белгіні сезіне білу (бастаушы басқа ойыншылармен алаң ішінде қозғалып жүреді, бастаушы гүлді атайды, аты аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады); ойын тәртібін сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b> Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту. (таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару).</p> | <p>жаңбыр.</p> <p>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.</p> <p>Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.</p> <p>Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбедең. Көк теңізден құйғандай Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Сұр қоян»</p> | <p>қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Соқыр теке»</p> | <p>байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса,бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады.</p> <p>Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету.</p> <p>Шығармашылық қабылдауын дамыту.</p> <p><b>Қимылды ойын «Кілттер»</b> Мақсаты: Кеңістікті бағдарлап жылдам әрекет жасауға үйрету. Бастаушы шеңбер бойымен жүріп, кілт кімде деп сұрайды. Балалар жауап беріп орындарын ауыстырады.</p> |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                              |                                          |                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------|----------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                        | <p>жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтары н тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік іс-әрекет</b><br/>Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету. Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.</p> | <p>Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.</p> <p><b>Өз бетімен іс-әрекет</b><br/>Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.</p> |                                          |                      | <p>Бастаушы бос шеңберді жылдам алып қою керек. Шеңберсіз бос қалған бала бастаушы орнына болады. Балалардың ойынға деген қызығушылығын арттыру.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру.</p> |
| <b>Серуеннен оралу</b> | Шкафтарын тауып көрсетуге, бас киімдерін шеше білуге баулу                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                    |                                                                                                                                                                                                                              |                                          |                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Түскі ас</b>        | Балалардың назарын тағамға аудару, қасықты дұрыс ұстауға үйрету                                                                                                                                                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                              |                                          |                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|                        | <p><b>Бата:</b> Асқа байлық<br/>Денге саулық болсын. Ас болсын!<br/>Рақмет апайлар!</p>                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                              |                                          |                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Түскі ұйқы</b>      | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу.                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                              |                                          |                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
|                        | №17«Су жүрек қоян» ертегі айтып беру                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Бесік жыры «Әлди әлди бөпешім» әнін музыкалық                                                                                                                                                                                | №25 «Өтеш пен тоты» ертегісін оқып беру. | Аудио ертегі тындату | №26 «Екі қаз,бір бақа» ертегісін оқып беру.                                                                                                                                                                                                                                                                     |

|                                                                                           |                                                                                                                                                                          |                                                                                                                      |                                                                            |                                                       |                                                                                          |
|-------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------|
|                                                                                           |                                                                                                                                                                          | құралдан тындату                                                                                                     |                                                                            |                                                       |                                                                                          |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b>                                         | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                                                                                                                                       | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау                                                       | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды орындау              | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру             | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                                                       |
| <b>Бесін ас</b>                                                                           | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу                                                                                                          |                                                                                                                      |                                                                            |                                                       |                                                                                          |
| <b>Ойындар, дербес әрекет</b><br><br><b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b> | <b>Сюжетті-рөлдік ойын №1«Жүргізуші»</b>                                                                                                                                 | <b>Фонетикалық ойын «Кім солай сөйлейді?»</b><br>жануарларды даусынан айыра білуге және дауыстарына еліктеуге үйрету | <b>Үстел үсті ойыны: «Бөлшектелген суреттер мен шаршылар» картотека №7</b> | <b>Дидактикалық ойын: «Ғажайып қап» картотека №20</b> | <b>Қимылды ойын №21.</b><br>«Сылдырауықты сылдырл ат» (сылдырауыққа дейін еңбектеп жет). |
|                                                                                           | Арман Диасқа бөрене астымен еңбектеп жүруді үйрету                                                                                                                       | Еркін Айзереге «Ойыншық» өлеңін жаттату                                                                              | Дамир Айбарысқа түстерді үйрету                                            | Бексұлтанға сурет салуды үйрету                       | Есболова Маринаға шеңберге тұруды үйрету.                                                |
| <b>Серуенге дайындық</b>                                                                  | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу                                                                                          |                                                                                                                      |                                                                            |                                                       |                                                                                          |
| <b>Серуен</b>                                                                             | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру                                             |                                                                                                                      |                                                                            |                                                       |                                                                                          |
| <b>Балалардың үйіне қайтуы</b>                                                            | Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар, кеңес «Балабақшаға баланың бейімделуіне арналған кеңестер» |                                                                                                                      |                                                                            |                                                       |                                                                                          |

**«Ботақан» ерте жас тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы  
«Жігерген" бөбекжай балабақшасы МКҚК**

**Өтпелі тақырып:** «Біз еңбекқор баламыз»

**Тақырыпша:** «Ғарыш әлемі»

**Уақыты: 11.04-15.04.2022 ж II апта**

| <b>Күн тәртібі</b>                                  | <b>Дүйсенбі<br/>11.04.2022</b>                                                                                                                                                                                                                                                                  | <b>Сейсенбі<br/>12.04.2022</b>                                                                                                                       | <b>Сәрсенбі<br/>13.04.2022</b>                                                                                                    | <b>Бейсенбі<br/>14.04.2022</b>                                                                                                     | <b>Жұма<br/>15.04.2022</b>                                                                                |
|-----------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау</b>                           | Балалардың өз балабақшаларына деген ыстық сезімдерін дамыту. Балабақшада қызмет істейтін апайларға құрмет көрсетіп, топта тазалық сақтай білу сияқты әдептілік дағдыларын қалыптастыру. Балалардың көңіл -күйлеріне назар аударып, қызуын өлшеп қабылдау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                           |
| <b>Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу</b>              | Қабылдау ережелері, демелыс күндерін өткізу дәстүрлері т.б. бойынша ата-аналармен пікірлесу;<br>Баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта - балабақша туралы, ондағы тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу;                                                                           |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                           |
| <b>Ойындар, (үстел үсті, саусақ және т.б 5 мин)</b> | <b>Үстел үсті ойыны картотека №1 «Тақырыптық суреттер жұбын жаса»</b><br>Мақсаты: тақырыптық суреттерді бір-бірімен ажыратуға және салыстыруға үйрету                                                                                                                                           | <b>Үстел үсті ойыны: «Бөлшектелген суреттер мен шаршылар» картотека №7</b><br>Мақсаты: жеке бөліктерден (2-4 бөліктен) тұтас зат құра білуді дамыту. | <b>Үстел үсті ойыны картотека №3 «Суретті бүкте»</b><br>Мақсаты: балалардың оның бөліктерінен бүкіл тақырыпты құрастыруға үйрету. | <b>Үстел үсті ойыны картотека №2 «Ненің төлі?»</b><br>Мақсаты: балалардың үй жануарлары, олардың төлдері туралы білімдерін бекіту. | <b>Үстел үсті ойыны картотека №4Затпен ойын «Матрешкалар»</b><br>Мақсаты: сенсомоторлы қабылдауды дамыту. |
| <b>Таңертенгі жаттығу</b>                           | №2-ші таңертеңгі жаттығу кешені                                                                                                                                                                                                                                                                 |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                           |
| <b>Таңғы ас</b>                                     | Қасықты дұрыс ұстай білуге үйрету.Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету. Ас ішер алдында асқа бата айтуға үйрету.                                                                                                                                          |                                                                                                                                                      |                                                                                                                                   |                                                                                                                                    |                                                                                                           |

|                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                               |
|-----------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық              | Саусақ ойыны:<br>«Қомағай»<br>картотека №7                                                                                                                                                                                                                                                  | Кірқыстырғышпен ойын: «Жұмбақты түймелер»<br>картотека №8<br>Ойынның мақсаты: Түстерді тану және атау қабілетін дамыту.<br>Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.                                                                                                                                    | Кірқыстырғышпен ойын: «Кемпірқосақ»<br>картотека №9<br>Ойынның мақсаты: Тақырыптың түсі мен мөлшерін тану және атау қабілетін дамыту, Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.                                                                                                                               | Кірқыстырғышпен ойын: «Сиқырлы егістік»<br>картотека №8<br>Ойынның мақсаты: Түстерді тану және атау қабілетін дамыту.                                                                                                                                                               | Дидактикалық ойын: «Кемпірқосақ»<br>картотека №9                                                                                                                                                                                                                              |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша<br><b>ҰОҚ</b> | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Жұп тасып ойнаймыз»<br>Мақсат: Өз қимылын басқа балалардың қимыл қозғалыстарына сәйкес үйлестіре білу біліктері қалыптасады.<br>Белгі бойынша тоқтау, тапсырманы орындау кезінде статикалық тепе-теңдікті сақтау білігі дамиды.<br>Велосипед тебуге жаттығады. | Музыка<br>Тақырыбы: «Жәндіктер әлемінде»<br>Мақсаты: Көркем-ойындық бейнелерге сай қимылдарға еліктеу, әуенді есту, сезіну, ән айту қабілеттерін дамыту.<br><br><b>2. Көркем әдебиет</b><br>Тақырыбы: «Үш жолдас» (әңгіме)<br>Мақсаты: Әңгімені мәнерлеп оқып, мазмұнын түсіндіру. Достың қатынасты | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Тентек қонжықтар»<br>Мақсат: гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдікті сақтап, жаттығуларды орындау дағдылары қалыптасады. Допты гимнастикалық орындық үстімен домалатуға жаттығады, допты саусақтарының екпінді қимылымен итеру білігі дамиды.<br><br><b>2. Сенсорика</b> | Мүсіндеу<br>Тақырыбы: «Жылға»<br>Мақсаты: Мүсіндеудің «ермесазбен сурет салу» тәсілімен таныстыру. Ермесаздың әртүрлі түсін араластыру арқылы жаңа түс алуды үйрету. Сөздік қорын молайту, сөйлеуге дағдыландыру.<br>Дидактикалық ойын: «Біздің қолдарымыз қайда?»<br>картотека №24 | Дене шынықтыру<br>Тақырыбы: «Тентек қонжықтар»<br>Мақсат: гимнастикалық орындық үстімен тепе-теңдікті сақтап, жаттығуларды орындау дағдылары қалыптасады. Допты гимнастикалық орындық үстімен домалатуға жаттығады, допты саусақтарының екпінді қимылымен итеру білігі дамиды |

|                          |                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                                                                                                                                     | бағалай білуге баулу.<br>Сыни ойлауды<br>дамыту, Достаса<br>білуге, адал достыққа<br>тәрбиелеу.<br><b>Сөздік ойын:</b><br><b>«Паровоз»</b><br><b>картотека №2</b>                                                                     | <b>Тақырыбы:</b><br>«Мозаика»<br>Мақсаты: Лайықты<br>ұяларға әр түрлі<br>көлемдегі<br>5 геометриялық<br>пішіндерді<br>орналастыру.<br>Креативті-<br>шығармашылық<br>қабілетін дамыту.<br>Командада жұмыс<br>істей блуге<br>тәрбиелеу. <b>Кірқыст</b><br><b>ырғышпен ойын:</b><br><b>«Күн» картотека</b><br><b>№2</b> |                                                                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                                                                  |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|
|  | <p>шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту.</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b><br/>Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына дейін жеткізу. Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу.</p> <p><b>Өзіндік іс-әрекет</b><br/>Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне</p> | <p>Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету</p> <p><b>Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей»</b> Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту,қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу.Ойында достық көмекке келуді үйрету.</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b><br/>Ауладағы құраған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып,ұжымдық еңбекке деген қызығушылықта рын тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік іс-</b></p> | <p>аталған гүл-ойыншы қолын көтеріп қашады); ойын тәртібін сақтау (жаңа гүлді атай алмаған ойыншы бастаушыны ауыстырады).</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b><br/>Гүлзарлардағы гүлдері бағып,күту. Гүлдерді дұрыс суару дағдыларын бекіту. (таңертең не кешке суару, күн қызбай тұрғанда асықпай біркелкі суару). Гүлдерге ықыласпен қарауды тәрбиелеу.</p> <p><b>Өз бетімен іс-әрекет</b><br/>Ойыншының тақырыбын балалар алдын ала талқылап, рөлдерді бөліп, 3-4 адамнан тұратын бастапқы заттық кеңістіктегі қозғалысты ұйымдастыру.</p> | <p>деген? (Жаңбыр)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Сұр қоян»</p> |  |
|--|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--|

|                                                   |                                                                                                                                               |                                                                                                                                                                                                           |                                                       |                                                              |                                                             |
|---------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------|
|                                                   |                                                                                                                                               | <b>әрекет</b><br>Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын таңдауды үйрету. Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу. |                                                       |                                                              |                                                             |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | Шкафтарын тауып көрсетуге, бас киімдерін шеше білуге баулу                                                                                    |                                                                                                                                                                                                           |                                                       |                                                              |                                                             |
| <b>Түскі ас</b>                                   | Балалардың назарын тағамға аудару, қасықты дұрыс ұстауға үйрету<br><b>Бата</b><br>Асқа адалдық<br>Басқа амандық.Ас болсын!<br>Рақмет апайлар! |                                                                                                                                                                                                           |                                                       |                                                              |                                                             |
| <b>Түскі ұйқы</b>                                 | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай жасау. Ұйқыға жатқызу.                                                                             |                                                                                                                                                                                                           |                                                       |                                                              |                                                             |
|                                                   | «Жыл мезгілдері»<br>Картотека №1<br>ертегісін оқып беру                                                                                       | «Шалқан»<br>Картотека №2<br>ертегісін оқып беру                                                                                                                                                           | «Бауырсақ»<br>Картотека №3<br>ертегісін оқып беру     | «Мысық, әтеш және түлкі» Картотека<br>№4 ертегісін оқып беру | «Торғай мен тышқан»<br>Картотека №5<br>ертегісін оқып беру. |
| <b>Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары</b> | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                                                                                                            | Ортопедиялық жол бойымен жүргізу, жалпақтабандылықты болдырмау                                                                                                                                            | Қолдың және аяқ бұлшық еттеріне арналған жаттығуларды | Түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру                    | Түйме қадалған кілем үстімен жүру.                          |

|                                                      |                                                                                                                                                                          |                                              |                                                       |                                                 |                                                        |
|------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------|-------------------------------------------------------|-------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|
|                                                      |                                                                                                                                                                          |                                              | орындау                                               |                                                 |                                                        |
| <b>Бесін ас</b>                                      | Балалардың назарын тағамға аудару, мәдениетті тамақтануға баулу                                                                                                          |                                              |                                                       |                                                 |                                                        |
| <b>Ойындар, дербес әрекет</b>                        | Саусақ ойыны: «Менің отбасым» картотека №1                                                                                                                               | Саусақ ойыны: «Достық» картотека №2          | Саусақ ойыны: «Біздің гүлдер» картотека №3            | Саусақ ойыны: «Біз бесеуміз» картотека №4       | Саусақ ойыны: «Добым» картотека №6                     |
| <b>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс</b> | Арман Диасқа кегелдер арасымен допты түсірмей ұстап жүруге үйрету                                                                                                        | Ермек Исламға жиһаздардың атын атауға үйрету | Төлеген жаннұрға жіптің астынан еңбектеп өтуге үйрету | Еркін Айзереге ермексазбен жұмыс жасауға үйрету | Ислам Алинаға допты қос қолдап ұстап лақтыруды үйрету. |
| <b>Серуенге дайындық</b>                             | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға баулу                                                                                          |                                              |                                                       |                                                 |                                                        |
| <b>Серуен</b>                                        | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру                                             |                                              |                                                       |                                                 |                                                        |
| <b>Балалардың үйіне қайтуы</b>                       | Балалардың жетістіктері туралы айту, баланы тәрбиелеу және дамыту бойынша ата-аналардың сұрақтарына жауаптар, кеңес «Балаңыздың қандай ерекше қасиеті барын білесіз бе?» |                                              |                                                       |                                                 |                                                        |

**«Ботақан» ерте жас тобы балаларының өмірін және тәрбиесін ұйымдастыру циклограммасы  
«Жігерген" бөбекжай балабақшасы МКҚК**

**Өтпелі тақырып:** «Әрқашан күн сөнбесін»

**Тақырыпша:** «Бір шаңырақ астында»

**Уақыты:** 03.5-06.05.2022 ж I апта

| Күн тәртібі                                                     | Дүйсенбі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 | Сейсенбі<br>03.05.2022                                                                                            | Сәрсенбі<br>04.05.2022                                                                                               | Бейсенбі<br>05.05.2022                                                                                                   | Жұма<br>06.05.2022                                                                                                 |
|-----------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <b>Балаларды қабылдау<br/>Ата-аналармен кеңес, әңгімелесу</b>   | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру. Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру. Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу.<br>«Баланы отбасында тәрбиелеудің маңызы» кеңес. Ата-аналарды балаларының күнделікті балабақшадағы күндері туралы әңгімелесу, отбасы тәрбиесі бойынша ата-анаға кеңес беру. |                                                                                                                   |                                                                                                                      |                                                                                                                          |                                                                                                                    |
| <b>Ойындар,<br/>(үстел үсті,<br/>саусақ және<br/>т.б 5 мин)</b> |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | Дидактикалық ойын:<br>«Тапшы, немен ойнап<br>отырмын» картотека<br>№17                                            | Сөздік ойын:<br>«Паровоз»<br>картотека №2                                                                            | Үстел үсті ойыны:<br>«Мозаика» картотека<br>№5                                                                           | Сөздік ойын: «Құлын»<br>картотека №3                                                                               |
| <b>Таңертеңгі<br/>жаттығу</b>                                   | №3-ші таңертеңгі жаттығу кешені                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                   |                                                                                                                      |                                                                                                                          |                                                                                                                    |
| <b>Таңғы ас</b>                                                 | Қасықты дұрыс ұстай білуге үйрету. Тамақтануға деген қызығушылықты қалыптастыру. Тамақты тауысып жеуге үйрету. Ас ішер алдында асқа бата айтуға үйрету.                                                                                                                                                                                                                  |                                                                                                                   |                                                                                                                      |                                                                                                                          |                                                                                                                    |
| <b>Ұйымдастырылған оқу қызметіне дайындық</b>                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>Үстел үсті ойын:</b><br>«Пирамиданы жинау»                                                                     | <b>Үстел үсті ойыны:</b><br>«Картинадан жұбын тап»<br>картотека №6                                                   | <b>Дидактикалық ойын</b><br><b>Қатты-ақырын»</b><br>картотека №18                                                        | <b>Қимылд ойын №13</b><br>«Үрпек төбет»                                                                            |
| <b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ</b>                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          | <b>1.Сөйлеуді дамыту</b><br>Тақырыбы: «Ғажайып қалта»<br>Мақсаты: Диалогтік сөйлеуде сөздерді дұрыс, анық айтуға, | <b>1.Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Тепе-теңдікті сақтауды үйренеміз»<br><b>Мақсат:</b> ойын технологиялары | <b>Сурет салу</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Мерекелік отшашу».<br><b>Мақсаты:</b> мерекелік отшашудың әдемілігін сурет арқылы | <b>Дене шынықтыру</b><br><b>Тақырыбы:</b> «Тепе-теңдікті сақтауды үйренеміз»<br><b>Мақсат:</b> ойын технологиялары |

|                          |                                                                                                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                 |
|--------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|                          |                                                                                                                              | <p>сұраулы сөйлемдерді дауыс интонациясын сақтап, дұрыс айтуға жаттықтыру.</p> <p>Сөйлем қарқынын өзгерте білуге үйрету (мысалы: ақырын сөйлеу).</p> <p>Ойыншықтарды күтіп, ұқыпты таза ұстауға тәрбиелеу.</p> <p><b>«Байланысын тап!» дидактикалық ойыны картотека №41</b></p> <p><b>2.Музыка</b></p> <p><b>Тақырыбы:</b> «Ағалардай боламыз»</p> <p><b>Музыкалық-дидактикалық ойын «Үнінен таны» картотека №3</b></p> | <p>арқылы тепе-теңдік сақтай алу дағдылары қалыптасады. 1 метр қашықтықтан доптарды тік нысанаға дәлдеп лақтыруға үйренеді.</p> <p><b>2. Жаратылыстану</b></p> <p><b>Тақырыбы:«Шуақты күннің сәулесі»</b></p> <p><b>Мақсаты:</b> Жер бетіндегі тіршілік үшін күннің сәулесінің қажеттілігі туралы түсініктерін бекіту, күннің сәулесіне қуана білуге баулу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Көбелек» картотека №11</b></p> | <p>жеткізуге, отшашудың суретін салуға үйрету; бояумен жұмыс істеу тәсілдерін жетілдіру; әдемілікті сезіне білуге тәрбиелеу.</p> <p><b>Дидактикалық ойын: «Карусель» картотека №12</b></p> | <p>арқылы тепе-теңдік сақтай алу дағдылары қалыптасады. 1 метр қашықтықтан доптарды тік нысанаға дәлдеп лақтыруға үйренеді.</p> |
| <b>Серуенге дайындық</b> | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |                                                                                                                                                                                            |                                                                                                                                 |

|                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
|----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <p><b>Серуен</b></p> | <p><b>Картотека № 47</b><br/> <b>Бақылау:</b><br/> <b>Жаңбырды бақылау.</b><br/> Мақсаты:<br/> Жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.<br/> Мысалы; Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр.<br/> Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту.<br/> Мақсаты:<br/> Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау.<br/> Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай?<br/> Төгіледі төбеден.<br/> Көк теңізден құйғандай<br/> Көл - көсір су не</p> | <p><b>Бақылау</b><br/> <b>Ауа райына бақылау жасау</b><br/> <b>картотека №32</b><br/> Көктемгі ауа райы өте құбылмалы, бірақ күннен-күнге күн жылына бастайды. Ауа қысымы көтеріледі. Ашық күндер көп болып, күн сәулесін мол пашады. Аспан сұрғылт түсін ашық көк түске алмастырады. Көктемнің алғашқы айы мен соңғы айын салыстыра білуге үйрету. Ауа райының өзгерісін анықтап оны ажырата білуді жалғастыру. Балалардың байқампаздығын, табиғат пен</p> | <p><b>Аққайыңның шырын бөлген уақытын бақылау.</b><br/> <b>картотека №43</b><br/> Балалардың назарын аққайыңға аудару. Көктем келісімен ағаштардың шырындық қозғалысы болатынын атап өту. Бұл процесс көкетмде еріген қардың суын тамыры арқылы жұтып, шырын бөліндісі содан пайда болатынын түсіндіру. Ол қыс бойғы өсімдіктердің тағамдық қорының еруінен пайда болатын ерітінді. Балалардың қызуғышылығы мен қабілетін дамыту. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.<br/> <b>Қимылды ойын «Орман дақтары»</b><br/> Балалардың өз</p> | <p><b>Бақта өсетін ағаштардың гүлденуін бақылау</b><br/> <b>картотека №44</b><br/> Бақылау ағаштарды түсіне қарай қарау, жәндіктердің үймелеуін белгілеу, гүлдеген ағаштардың сұлулығын айыра білу, ағаштардың пайдасы жөнінде балалардың түсінігінде қалыптастыру.<br/> Эстетикалық талғам мен сезімді тәрбиелеу.<br/> <b>Қимылды ойын «Секіргіш бақалар»</b><br/> Керілген сымнан секіре білуді жалғастыру.(Тәрбиеші жіптің бір ұшын ұстап,жерге айналдыра дөңгелетеді, ал шеңберде тұрған балалар секіру керек).Балалардың физиологиялық ұйымшылдық, төзімділік қасиеттерін дамыту.<br/> <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Ағаш түбін әктеу. Ағаштың түптерін әктеу. Щетканы оң қолмен ұстап, жоғарыдан</p> | <p><b>Жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті бақылау</b><br/> <b>картотека №45</b><br/> Бақылау балалармен жаңа өсіп келе жатқан көк шөпті қарау. Күн көп түсетін жерде алғашқы шөптер қылтиып шыға бастайтынын бекіту. Күн қыза бастады, қар еріді, топырақ жылынды,көк шөп өсті, яғни балаларды осылай қорытынды жасай білуге үйрету. Табиғаттың оянуына байланысты балаларда көтеріңкі көңіл күйді ояту. Өсімдікті аялап,күте білуге үйрету<br/> <b>Қимылды ойын «Көк шөптегі хоккей»</b> Хоккей таяғымен допты домалата білуді бекіту, қақпаға соғу,бір орында тұрып кіргізу. Ойында достық көмекке келуді үйрету.<br/> <b>Еңбек іс-әрекеті</b> Ауладағы қураған шөпті жинау Тырнауышпен жұмыс істеуді жалғастыру (шөпті</p> |
|----------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|  |                                                                                                                                                                                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                     |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
|  | <p>деген? (Жаңбыр)</p> <p>Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру.</p> <p>Қимылдық ойын: «Сұр қоян»</p> | <p>қарым-қатынасын дамыту.</p> <p>Қимылды ойын «Қасқыр мен лақтар»</p> <p>Белгі бойынша ұзындыққа секіруді жалғастыру (лақтар алаңда жүгіреді); жүргізуші қасқырдың көзіне түспей, алаңда жүреді.</p> <p>Ойын шартын бұзбау, ұсталғандары шетке шығады.</p> <p>Шапшаңдық пен бейімділікті дамыту.</p> <p>Еңбек іс-әрекеті</p> <p>Топырақты тұқым салуға дайындау. Еңбектенуге деген қабілетін дамыту, бастаған ісін аяқтау, үлкендерге көмектесу.</p> | <p>бетінше ойынды ұйымдастыра білуін дамыту. Ағашқа арқасын беріп тұрған, қос қолымен қымтап ұстаған баланы қозғауға болмайтынын, ойынға деген қызығушылықты арттыру.</p> <p><b>Еңбек іс-әрекеті</b></p> <p>Ағаштың жан-жағын дөңгелетіп қопсыту. Еңбек барысында еңбекке тәрбиелеу. Жалпы пайда үшін еңбектенуге үйрету.</p> <p><b>Өзіндік іс-әрекет</b></p> <p>Бірлескен іс-әрекет барысында ереже мен тәртіп нормаларын белсенді қолдана білуге ынталандыру.</p> | <p>төменге қимылдар жасау. Берілген тапсырманы мұқият тыңдап, істі аяғына дейін жеткізу. Қиындық туа қалған жағдайда көмекке келу.</p> <p><b>Өзіндік іс-әрекет</b></p> <p>Ойын барысында бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойларын ортаға салып, құрдастарының шешіміне келіспеушілік білдіре білу, рөлдерге бөлу, ойыншықты бөлісе білуге дағдыландыру.</p> | <p>белгілі бір орынға жинау, зембілмен оны апару). Жолдастарымен бірлесіп жұмыс атқарып, ұжымдық еңбекке деген қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p><b>Өзіндік іс-әрекет</b></p> <p>Балаларға өз беттерімен ойын тақырыбын тандауды үйрету. Өз тәжірибесі негізінде бақылау барысынан алған жағымды тұстарды дамыту. Әр саладан алған білім көзін ойын кезінде көрсете білу.</p> |
|--|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|

|                                                   |                                                                                |                                                                                                                                                          |                                                               |                                           |                                             |
|---------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------------|-------------------------------------------|---------------------------------------------|
|                                                   |                                                                                | Өзіндік іс-әрекет: Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау, олардың іс-әрекеті мен қылықтарын білдіру, өз ойын іске асыру. |                                                               |                                           |                                             |
| <b>Серуеннен оралу</b>                            | Шкафтарын тауып көрсетуге, бас киімдерін шеше білуге баулу                     |                                                                                                                                                          |                                                               |                                           |                                             |
| <b>Түскі ас</b>                                   | Балалардың назарын тағамға аудару, қасықты дұрыс ұстауға үйрету                |                                                                                                                                                          |                                                               |                                           |                                             |
|                                                   | <b>Бата:</b> Асқа байлық<br>Денге саулық болсын. Ас болсын!<br>Рақмет апайлар! |                                                                                                                                                          |                                                               |                                           |                                             |
